

**Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі Төрағасының 2000 жылғы 14 сәуірдегі N 01/7 "Экономиканың басым секторларында инвестициялық қызмет көрсететін инвесторлармен келісім-шарт жасасқанда берілетін жеңілдіктер мен преференцияларды беру процесін жетілдіру туралы" бұйрығына өзгерту енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитетінің 2001 жылғы 18 қараша N 127/1-П бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 14 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 1701. Күші жойылды - ҚР Индустрия және сауда министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті төрағасының 2003 жылғы 18 наурыздағы N 18-п бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 5 сәуірдегі N 3444 "Отандық және шетелдік тікелей инвестицияларды тарту үшін Қазақстан Республикасында экономиканың басым секторларының тізбесін бекіту туралы" Жарлығының 1 тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 6 наурыздағы N 349 Жарлығымен бекітілген экономиканың басым секторларында инвестициялық қызмет көрсететін инвесторлармен келісім-шарт жасасқанда берілетін жеңілдіктер мен преференцияларды беру Ережесінің 2 тармағына сәйкес **БҰҰЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі Төрағасының 2000 жылғы 14 сәуірдегі N 01/7 "Экономиканың басым секторларында инвестициялық қызмет көрсететін инвесторлармен келісім-шарт жасасқанда берілетін жеңілдіктер мен преференцияларды беру процесін жетілдіру туралы" бұйрығына келесі өзгерту енгізілсін:

Осы бұйрықпен бекітілген, 2002 жылға дейінгі мерзімге отандық және шетелдік тікелей инвестицияларды тарту үшін маңызды өндірістер тізіміндегі

2 тарауды "Өңдеуші өнеркәсіп" "Ауылшаруашылық өнімді өнеркәсіптік қайта өңдеу" жолынан кейін келесі мазмұндағы "Крахмал және крахмал өнімдері өндірісі" жолмен толықтырылсын.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу күннен бастап күшіне енеді.

*Төрағаның міндетін атқарушы*

